

Шардара ауданы Қызылқұм ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 28 ақпандағы № 3 "Қызылқұм ауылдық округі Қызылқұм ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күшін жою туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы Қызылқұм ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 17 мамырдағы № 8 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 29 мамырда № 4112 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабының 8 тармағына сәйкес, **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Шардара ауданы Қызылқұм ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 28 ақпандағы № 3 "Қызылқұм ауылдық округі Қызылқұм ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4004 болып тіркелген, 2017 жылғы 7 сәуірдегі "Өскен өңір" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Шардара ауданы "Қызылқұм ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешім Шардара ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялануын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуін;

2) осы шешім Шардара ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Қызылқұм ауылдық
округінің әкімі

О.Кулиев